

ҚАЛА ЖОЛДАРЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛЕДІ

Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметінше, биылғы негізгі жобалардың бірі – Республика көшесін жаңғырту. Ұзындығы 6,1 шақырым болатын бұл жол бөлігіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жоба аясында ескі жол жабыны алынып, оның орнына жаңа асфальт-бетон қабаты төселмек. Сонымен қатар жолдың техникалық жағдайын жақсартуға, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған қосымша шаралар қарастырылған.

3-бетте



ҚОСШЫДА МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТ САПАСЫ АРТА ТҮСТІ

МЕМЛЕКЕТТІК ҚЫЗМЕТШІНІҢ
ЖАДНАМАСЫ

ӘДЕПТІЛІК ЖӘНЕ
СЫПАЙЫЛЫҚ
Тұрғындармен сыпайы,
мейірімді қарым-қатынас
жасау

ЗАҢДЫЛЫҚ ПЕН
АШЫҚТЫҚ
Барлық рәсімдерді заң
негізінде, ашық жүргізу

СЕРВИСТІК МОДЕЛЬ
ЖӘНЕ САНДЫҚ
ҚЫЗМЕТТЕР
Электронды қызметтерді
танымал ету және халыққа
көмек көрсету

Қосшы қала-сында мемлекеттік қызметшілердің кәсіби біліктілігін арттыруға бағытталған оқыту семинары өтті. Іс-шараны қала әкімінің аппараты ұйымдастырды.

Семинардың негізгі мақсаты – мемлекеттік қызмет көрсету сапасын жақсарту, қызмет алушылармен тиімді қарым-қатынас орнату және Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің (ӘРПК) талаптарын тәжірибеде дұрыс қолдануды түсіндіру.

Жиында қазір мемлекеттік қызмет көрсету саласында сервистік модельге көшу мәселесі өзекті екені атап өтілді. Мамандардың айтуынша, бұл бағыттағы басты талап – әрбір азаматқа сапалы әрі уақтылы қызмет көрсету.

Қатысушыларға қызмет көрсету мерзімдерін қатаң сақтау, негізсіз бас тартуларға жол бермеу, сондай-ақ әр өтінішке жеке жауапкершілікпен қарау қажеттігі түсіндірілді. Бұның халықтың мемлекеттік органдарға деген сенімін арттырудың басты тетіктерінің бірі екені белгілі.

Семинар аясында Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекстің нормалары кеңінен талқыланды. Әсіресе, азаматтың құқығы мен мүддесіне қатысты шешім қабылданар алдында өткізілетін «тыңдау рәсімінің» маңызы ерекше атап өтілді. Бұл тетік азамат пен мемлекеттік орган арасындағы ашық диалогты қамтамасыз етіп, даулы мәселелердің алдын алуға мүмкіндік береді.

Сонымен қатар цифрландыру мәселесі де назардан тыс қалған жоқ. Қатысушыларға мемлекеттік қызметтерді eGov.kz порталы және eGov Mobile қосымшасы арқылы алудың тиімділігі түсіндірілді. Бұл ретте электронды қызметтерді кеңінен енгізу бюрократиялық кедергілерді азайтып, тұрғындардың уақытын үнемдеуге мүмкіндік береді.

«Arna groups» ЖШС, БСН 180140040681, өзінің таратылатыны туралы хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Қазақстан Республикасы, Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Г. Потанина көшесі, 4 үй. тел.: 8 776 991 39 34. ТОО «Arna groups», БИН 180140040681, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: Республика Казахстан, г. Астана, район Сарыарка, ул. Г. Потанина, д. 4. тел.: 8 776 991 39 34.	«Best Brands» ЖШС, БСН 150740003277, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Отырар көшесі, 4 үй. тел.: 8 777 999 55 85. ТОО «Best Brands», БИН 150740003277, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Байқоңыр, ул. Отырар, д. 4. тел.: 8 777 999 55 85.	«VS Invest» (BC Инвест) ЖШС , БСН 130240023913, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 21/1 үй, 76 кеңсе. тел.: 8 777 999 55 85. ТОО «VS Invest» (BC Инвест), БИН 130240023913, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Нұра, ул. Сыганак, дом 21/1, офис 76. тел.: 8 777 999 55 85.	«СВ Инвест» ЖШС, БСН 141240017130, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Сығанақ көшесі, 21/1 үй, 7/1 кеңсе. тел.: 8 777 999 55 85. ТОО «СВ Инвест», БИН 141240017130, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Сыганак, дом 21/1, офис 7/1. тел.: 8 777 999 55 85.
«ЛЕГИОН 2017» ЖШС, БСН 170240016333, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Рақымжан Қошқарбаев даңғылы, 32 үй, н.п.3. тел.: 8 705 568 78 37. ТОО «ЛЕГИОН 2017», БИН 170240016333, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Алматы, ул. Рақымжан Қошқарбаев, д. 32, н.п.3. тел.: 8 705 568 78 37.	«Батихан» ЖШС, БСН 171240022737, өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Алексей Петров көшесі, 23/1 үй, 1 пәтер. тел.: 8 708 575 43 77. ТОО «Батихан», БИН 171240022737, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, район Алматы, ул. Алексея Петрова, дом 23/1, кв. 1. тел.: 8 708 575 43 77.	«Aylin's Bakery» ЖШС, БСН 240240015727, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы,Бостандық ауданы, Мирас шағын ауданы, 157 үй, 417 кеңсе. тел.: 8 702 550 33 55. ТОО «Aylin's Bakery», БИН 240240015727, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г Алматы, Бостандыкский р-н, микрорайон Мирас, дом 157, офис 417. тел.: 8 702 550 33 55.	«ESB Group» ЖШС, БСН 210440022375, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарайшық ауданы, Шәмші Қалдаяқов көшесі, 11 үй, 365 кеңсе. тел.: 8 707 565 77 44. ТОО «ESB Group», БИН 210440022375, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарайшық, улица Шәмші Қалдаякова, дом 11, офис 365. тел.: 8 707 565 77 44.
«MABEL MARKET» ЖШС, БСН 150140009541, өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Сарыарқа ауданы, Шевченко көшесі, 8 үй, 110 кеңсе. тел.: 8 777 247 61 32. ТОО «MEBEL MARKET», БИН 150140009541, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Сарыарқа, улица Шевченко, дом 8, офис 110. тел.: 8 777 247 61 32.	«ББ Сафия» ЖШС, БСН 231140012670, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Нұра ауданы, Санжар Асфендияров көшесі, 1 үй, 296 кеңсе. тел.: 8 707 772 29 74. ТОО «ББ Сафия», БИН 231140012670, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Нұра, ул. Санжар Асфендиярова, дом 1, офис 296. тел.: 8 707 772 29 74.	«RB Line» ЖШС, БСН 220740024374, өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, Железнодорожный тұрғын ауданы, Иманак көшесі, 28/2 үй. тел.: 8 700 799 00 99. ТОО «RB Line», БИН 220740024374, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, ж/м Железнодорожный, ул. Иманак, д. 28/2. тел.: 8 700 799 00 99.	«ТОО Пайда Трейд» ЖШС , БСН 160440012059, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Телжан Шонанұлы көшесі, 41 үй, 207 пәтер. тел.: 8 777 116 85 65. ТОО «ТООПайдаТрейд», БИН 160440012059, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Байқоңыр, ул. Телжан Шонанұлы, д. 41. тел.: 8 777 116 85 65.
«Батиза 2022» ЖШС, БСН 220840018680, өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы тұрғын ауданы, Оңтүстік-Шығыс (оң жағы), Бауыржан Момышұлы көшесі, 16 үй. тел.: 8 701 490 66 55. ТОО «Батиза 2022», БИН 220840018680, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, ж/м Алматы, ул. Бауыржан Момышулы, д. 16. тел.: 8 701 490 66 55.	«Байлық 2022» ЖШС, БСН 220840020513, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы тұрғын ауданы, Оңтүстік-Шығыс (оң жағы), Бауыржан Момышұлы көшесі, 6 үй. тел.: 8-701-520-85-61. ТОО «Байлық 2023», БИН 220840020513, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, ж/м Алматы, ул. Бауыржан Момышулы, д.б. тел.: 8 701 520 85 61.	«Нияз-Астана» ЖШС, БСН 170840007811, өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы тұрғын ауданы, Оңтүстік-Шығыс (оң жағы), Бауыржан Момышұлы көшесі, 16 үй. тел.: 8 775 866 38 74. ТОО «Нияз-Астана», БИН 170840007811, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, ж/м Алматы, ул. Бауыржан Момышулы, д. 16. тел.: 8 775 866 38 74.	«Март24» ЖШС, БСН 231040038640, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Дінмұхамед Қонаев көшесі, 12/1 үй, 3 кеңсе. тел.: 8 708 865 23 14. ТОО «Март24», БИН 231040038640, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Есиль, улица Дінмұхамед Қонаева, дом 21/1, офис 3. тел.: 8 708 865 23 14.
«Изобилие.Кз» ЖШС , БСН 150840009498, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы тұрғын ауданы, Бауыржан Момышұлы көшесі, 16 үй, 460 кеңсе. тел.: 8 701 391 17 80. ТОО «Изобилие.Кз», БИН 150840009498, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г.Астана, ж/м Алматы, ул. Бауыржан Момышулы, д. 16, оф. 460. тел.: 8 701 391 17 80.	«Автоэлит Алматы» ЖШС , БСН 140740015457, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Алматы қаласы, Жетісу ауданы, Ратушного көшесі, 40 үй. тел.: 8 777 567 11 08. ТОО «Автоэлит Алматы», БИН 140740015457, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Алматы, Жетысуский р-н, ул. Ратушного, дом 40. тел.: 8 777 567 11 08.	«LC SYSTEMS» ЖШС , БСН 140740020760, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Байқоңыр ауданы, Целинный шағын ауданы, Александр Кравцов көшесі, 3/2 үй. тел.: 8 775 339 76 46. ТОО «LC SYSTEMS», БИН 140740020760, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Байқоңыр, микрорайон Целинный, улица Александра Кравцова, дом3/2. тел.: 8 775 339 76 46.	«ЛайтСервис» ЖШС, БСН 221240040428, өз таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Есіл ауданы, Е 321 көшесі, 22 үй, 65 пәтер. тел.: 8 705 736 37 59. ТОО «ЛайтСервис», БИН 221240040428, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г Астана, р-н Есиль, ул. Е 321, дом 22, кв 65. тел.: 8 705 763 37 59.

«KazInterGlobal» ЖШС , БСН 150440006181, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, әл-Фараби шағын ауданы, Шәкәрім Құдайбердіұлы даңғылы, 38А ғимараты. тел.: 8 701 214 00 75.

ТОО «KazInterGlobal», БИН 150440006181, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, микрорайон Аль-Фараби, пр. Шәкәрім Құдайбердіұлы, здание 38А. тел.: 8 701 214 00 75.

«KazInterGlobal» ЖШС , БСН 150440006181, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, әл-Фараби шағын ауданы, Шәкәрім Құдайбердіұлы даңғылы, 38А ғимараты. тел.: 8 701 214 00 75.

ТОО «KazInterGlobal», БИН 150440006181, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, микрорайон Аль-Фараби, пр. Шәкәрім Құдайбердіұлы, здание 38А. тел.: 8 701 214 00 75.

«KazInterGlobal» ЖШС , БСН 150440006181, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, әл-Фараби шағын ауданы, Шәкәрім Құдайбердіұлы даңғылы, 38А ғимараты. тел.: 8 701 214 00 75.

ТОО «KazInterGlobal», БИН 150440006181, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, микрорайон Аль-Фараби, пр. Шәкәрім Құдайбердіұлы, здание 38А. тел.: 8 701 214 00 75.

«KazInterGlobal» ЖШС , БСН 150440006181, өзінің таратылатынын хабарлайды. Талап-тілектер жарияланған күннен бастап екі ай ішінде мына мекенжай бойынша қабылданады: Астана қаласы, Алматы ауданы, әл-Фараби шағын ауданы, Шәкәрім Құдайбердіұлы даңғылы, 38А ғимараты. тел.: 8 701 214 00 75.

ТОО «KazInterGlobal», БИН 150440006181, сообщает о своей ликвидации. Претензии принимаются в течение двух месяцев со дня публикации объявления по адресу: г. Астана, р-н Алматы, микрорайон Аль-Фараби, пр. Шәкәрім Құдайбердіұлы, здание 38А. тел.: 8 701 214 00 75.

ТАЛАПТЫ БҰЗҒАНДАР ЖАУАПҚА ТАРТЫЛАДЫ

Қауіпті кезеңнің басталуына байланысты тұрғындарға өрт қауіпсіздігі талаптарын қатаң сақтау қажеттігі ескертіледі.

- Өрттің негізгі себептері – отты абайсыз пайдалану, қоқыс пен құрғақ шөпті заңсыз өртеу. Құрғақ әрі желді ауа райында от жағуға, қоқыс пен құрғақ шөпті өртеуге, сөндірілмеген темекі тұқылдарын тастауға, сондай-ақ отты қараусыз қалдыруға қатаң тыйым салынады.

Мангал, барбекю және гриль құралдарын тек қауіпсіз жерде, ғимараттар мен құрылыстардан кемінде 10 метр қашықтықта пайдалану қажет. Өрттің алдын алу үшін қоқыс пен құрғақ шөпті тек металл ыдыстарда және тұрақты бақылаумен жағу, сондай-ақ аумақта кемінде 200 литр су қоры болуға тиіс. Өрт қауіпсіздігі талаптарын бұзған адамдар Қазақстан Республикасы Әкімшілік құқықбұзушылық туралы кодексінің 336-бабы бойынша әкімшілік жауапкершілікке тартылады.
- Айыппұл мөлшері:**
 - жеке тұлғаларға – 20 АЕК (86 500 теңге);
 - лауазымды тұлғаларға – 50 АЕК (216 250 теңге);
 - шағын кәсіпкерлік субъектілеріне және коммерциялық емес ұйымдарға – 200 АЕК (865 000 теңге);
 - орта кәсіпкерлік субъектілеріне – 300 АЕК (1 297 500 теңге);
 - ірі кәсіпкерлік субъектілеріне – 500 АЕК (2 162 500 теңге).Өрт – адам өмірі мен денсаулығына, сондай-ақ мүлікке үлкен қауіп төндіреді. Өрт болған жағдайда «101» немесе «112» нөміріне дереу хабарласыңыз.

Қосшы қаласының төтенше жағдайлар бөлімі



ӨРТ ҚАУІПСІЗДІГІН
САҚТАҢЫЗ!

«АЗАМАТТАРҒА АРНАЛҒАН ҮКІМЕТКЕ» – 10 ЖЫЛ Қызмет алу жүйесі қалай жаңарды?

7 сәуірде «Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясына 10 жыл толды. Осы уақыт ішінде ол мемлекет пен азамат арасындағы негізгі қызмет көрсету арнасына айналды. Бүгінде жүйе жыл сайын ондаған миллион өтінішті қамтып, мемлекеттік қызметтердің басым бөлігін «бір терезе» қағидатымен ұсынады.



Осы жылдар ішінде елде мемлекеттік қызмет алудың біртұтас жүйесі қалыптасты. Соның арқасында қызмет алу бұрынғыдан әлдеқайда жеңіл әрі қолжетімді болды. Азаматтар енді қызметті

өзіне-өзі қызмет көрсету терминалдары арқылы да, бейнеХҚКО арқылы да ала алады. Биометриялық сәйкестендіру енгізіліп, көптеген қызмет цифрлық форматқа көшті.

Өзгерістердің ауқымы нақты көрсеткіштерден де көрінеді. Бүгінде ХҚКО арқылы жыл сайын орта есеппен 23 миллионнан аса қызмет көрсетіледі. Бұдан бөлек, миллиондаған өтініш мобильді қосымшалар мен онлайн-сервистер арқылы рәсімделеді.

Цифрландыру бұл өзгерістердің негізгі қозғаушы күшіне айналды. Бүгінде мемлекеттік қызметтердің басым бөлігі онлайн қолжетімді. «ЦОН» мобильді қосымшасы арқылы мемлекеттік қызметтерді үйден шықпай-ақ алуға болады. Тек 2025 жылдың өзінде қосымшаны 2 миллионнан аса адам жүктеген. Қосымша арқылы азаматтар кезекке жазылып, өтініштерін бақылап, бірқатар қызметті қашықтан рәсімдей алады.

Цифрлық сервистермен қатар, азаматтарға қолдау көрсету бағытында 1414 Бірыңғай байланыс орталығы да маңызды рөл атқарады. Биыл 15 жылдығын атап өтетін орталық тәулік бойы жұмыс істейді және 2021 жылдан бері Мемлекеттік корпорация құрамында қызмет көрсетіп келеді. Жыл сайын мұнда 20-25 миллионға жуық өтініш өңделеді. Ал бүгінде әр оныншы қоңырау жасауды интелект негізіндегі ассистенттің қатысуымен қабылданып,

азаматтарды қажетті қызметке жедел бағыттауға көмектеседі.

Сонымен бірге, корпорация тек қызмет көрсетумен шектелмей, халықтың цифрлық сауатын арттыру бағытында да жұмыс жүргізіп отыр. Оқыту сабақтары еліміздің барлық өңіріндегі ХҚКО-ларда практикалық форматта ұйымдастырылып, қатысушыларға цифрлық қызметтерді еркін пайдалануды және өз бетінше онлайн алуды үйретеді. Тек наурыз айының өзінде бүкіл ел бойынша шамамен 700 қазақстандық цифрлық дағдыларын жетілдірді.

«Мемлекеттік корпорацияның басты миссиясы – мемлекеттік қызметтер жүйесін жаңғыртудың негізгі қозғаушы күшіне айналу. Осы жылдар ішінде біз азаматтардың нақты қажеттіліктеріне сай келетін қызмет көрсету моделін қалыптастырдық. Нәтижесінде қызметтер қолжетімді, сапалы әрі ыңғайлы бола түсті. Біз азамат мүддесіне бағытталған мемлекет қағидатымен жұмыс істейміз, мұнда әрбір шешім азаматтың қажеттілігіне сай қабылданады. Біздің мақсатымыз – тек қызмет көрсетумен шектелмей, азаматтарға сенімді серіктес болу, баршаға қолжетімді, ашық цифрлық ортаны қалыптастыру», – деді

«Азаматтарға арналған үкімет» мемлекеттік корпорациясының басқарма төрағасы Арман Кенжеғалиев.

Мемлекеттік корпорацияның жұмыс тәжірибесі халықаралық деңгейде қызығушылық тудырады. Моңғолия, Жапония, Өзбекстан және өзге де елдерден келген делегациялар Қазақстандағы мемлекеттік қызмет көрсету жүйесімен танысып, тәжірибе алмасқан болатын. Бұл қызығушылықтың негізінде соңғы он жылда қалыптасқан жаңа модель жатыр: бұрын әртүрлі мекемелерде көрсетілген қызметтер бүгінде бір инфрақұрылымға біріктіріліп, азаматтар үшін әлдеқайда ыңғайлы форматқа көшті. Қазір корпорация ХҚКО мен МХҚКО қызметтерін, жер кадастрын, әлеуметтік және зейнетақы бағыттарын, сондай-ақ АХАТ пен жылжымайтын мүлік салаларын қамтиды.

Бұл жүйеде бүгінде 16 мыңға жуық маман еңбек етіп, қызметтердің қолжетімділігі мен сапасын қамтамасыз етіп келеді. Нәтижесінде мемлекеттік қызмет көрсету тек цифрлар мен үдерістер ғана емес, алдымен азамат пен мемлекет арасындағы байланысты жеңілдетіп, оны түсінікті әрі ыңғайлы еткен жүйеге айналды.

ҚАЛА ЖОЛДАРЫ КЕЗЕҢ-КЕЗЕҢІМЕН ҚАЛПЫНА КЕЛТІРІЛЕДІ

Қосшы қаласында жол инфрақұрылымын жақсарту бағытындағы жұмыстар биыл да жалғасын табады. Қаланың қарқынды дамуы мен халық санының артуы жол сапасына қойылатын талапты күшейтіп отыр. Осыған орай, 2026 жылға арналған жоспар аясында бірқатар көшеде жөндеу жұмыстарын жүргізу көзделген.

Қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің мәліметінше, биылғы негізгі жобалардың бірі – Республика көшесін жаңғырту. Ұзындығы 6,1 шақырым болатын бұл жол бөлігіне орташа жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Жоба аясында ескі жол жабыны алынып, оның орнына жаңа асфальт-бетон қабаты төселмек. Сонымен қатар жолдың техникалық жағдайын жақсартуға, қозғалыс қауіпсіздігін арттыруға бағытталған қосымша шаралар қарастырылған.

Республика көшесі – қаладағы маңызды көлік артерияларының бірі. Сондықтан бұл бағыттағы жөндеу жұмыстары тек жол сапасын арттырып қана қоймай, көлік қозғалысын оңтайландыруға да оң әсер етпек.

Бұдан бөлек, қала аумағында жалпы ұзындығы шамамен 10 шақырым болатын жолдар жөнделеді. Бұл ретте жолдың бүлінген учаскелері қалпына келтіріліп, шұңқырлар жамалады.



Фотосурет: Қосшы қаласының әкімдігі

Сонымен қатар асфальт жабыны жоқ көшелер де кезең-кезеңімен ретке келтіріледі. Ондай учаскелерде грейдерлеу жұмыстары жүргізіліп,

жол беті тегістеледі. Қиыршық тас төсеу арқылы жолдың беріктігі артып, қолайсыз ауа райы жағдайында да пайдалануға мүмкіндік жасалады.

Мамандардың айтуынша, бұл жұмыстардың барлығы қаланың көлік инфрақұрылымын жүйелі түрде дамытуға бағытталған. Әсіресе, соңғы жылдары Қосшыда тұрғындар санының артуы жолдарға түсетін жүктемені еселеп арттырды. Осыған байланысты жол сапасын жақсарту күн тәртібіндегі өзекті мәселелердің біріне айналды.

«Жоспарланған жобаларды іске асыру қаржыландыруға тікелей байланысты. Қазір тиісті қаражат бөлу мәселесі қарастырылып отыр. Алдын ала мәліметтерге сәйкес, жол жөндеу жұмыстары мамыр айының соңында басталуы мүмкін», - делінген қалалық жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімінің бізге берген ақпаратында.

Жалпы, қала дамыған сайын, жолға түсетін талаптың да күшейетіні белгілі. Ал сапалы жол – тұрғындарға жайлылық сыйлап қана қоймай, экономикалық және әлеуметтік белсенділіктің артуына да ықпал етеді. Қосшыдағы биылғы жоспарларды осы бағыттағы жүйелі жұмыстың жалғасы деуге толық негіз бар.

Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ

Қосшыда «Бір ауыл – бір өнім» жобасы таныстырылды

Ақмола облысы Кәсіпкерлер палатасының ұйымдастыруымен Қосшы қалалық филиал алаңында «Бір ауыл – бір өнім» жобасының әлеуетті қатысушыларымен түсіндіру жиыны ұйымдастырылды.



Фотосурет: Қосшы қаласының әкімдігі

Бұл жоба «Атамекен» ұлттық кәсіпкерлер палатасының «Мен – кәсіпкер» бағдарламасы аясында жүзеге асырылып, отандық өндірушілерді қолдауға бағытталған. Бастаманың негізгі мақсаты – өңірлердегі бірегей өнімдерді анықтап, оларды ішкі және сыртқы нарықтарға шығару арқылы жергілікті бренд қалыптастыру. Бұл ретте өнімнің экспорттық әлеуетіне айрықша мән беріледі.

Кездесуде Қосшы қаласындағы әртүрлі салада еңбек етіп жүрген кәсіпкерлер өз өнімдерін таныстырып, жобаға қатысу мүмкіндіктерін талқылады. Солардың бірі – металл бұйымдарын өндіруге маманданған «Stroymet.kz» ЖШС. Кәсіпорын қасбеттік кассеталар, сызықтық панельдер, жылы аялдамалар, түрлі металл конструкциялар мен кеңсе және білім беру ұйымдарына арналған жиһаздар шығарады. Өнімдер тапсырыс берушінің талабына сай, заманауи стандарттарды сақтай отырып дайындалады.

Ал жеке кәсіпкер Жанна Ысқақова балық өнімдерін өңдеу бағытында жұмыс істейді. Үш жылдан аса уақыт ішінде кәсіпорын кептірілген, суық және ыстық ысталған өнімдер өндірісін жолға қойған. Қазір оның өнімдері Астана, Қарағанды қалаларына, сондай-ақ Ақмола облысының бірқатар сауда

орнына жеткізіліп жатыр.

Тұрмыстық химия өндірісі де назардан тыс қалмаған. «Bayash» жеке кәсіпкерлігі аясында Әлия Кәрімова сабын, шампунь және басқа да тұрмыстық өнімдер шығарады. Кәсіптің дамуына химик-технолог мамандығы бар жұбайының қосып отырған үлесі зор. Олар жаңа өнім түрлерін әзірлеуге ғылыми негізде келіп, сапаға басымдық беріп отыр.

Ал «Нұрсұлу маска өндірісі» жеке кәсіпкерлігінің жетекшісі Гүлназ Жұмажан дәстүрлі қолөнерді жаңғырту бағытында еңбек етіп жүр. Кәсіпорында табиғи қой жүнінен көрпе-жастық, жамылғы секілді ұлттық нақыштағы бұйымдар дайындалады. Бұл тек кәсіп қана емес, ұлттық мұраны сақтауға бағытталған игі іс болса керек.

Айта кетсек, «Бір ауыл – бір өнім» жобасы кәсіпкерлерге жан-жақты қолдау көрсетуді көздейді. Қатысушыларға кеңес беру, бизнесін сүйемелдеу, өнімді орау мен брендингті дамыту, сондай-ақ нарыққа шығару бағытында көмек ұсынылады.

Мамандардың айтуынша, жобаға қатысу жергілікті кәсіп иелеріне өз өнімін кеңінен танытуға, өндіріс ауқымын ұлғайтуға және экспортқа шығуға мүмкіндік береді.

Ғани АТЫМТАЙ

ЖАСТАР САЯСАТЫН ДАМУ ЖАҢА БАҒЫТТА ЖЕТІЛІП КЕЛЕДІ

Елордадағы «Қазмедиа» орталығында Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен «Жастар» ғылыми-зерттеу орталығы өңірлік Жастар ресурстық орталықтарының басшыларына арналған «Кәсіби даму академиясы» жобасы аясында дәстүрлі үш күндік оқыту семинар-тренингі өтті.



Оқыту бағдарламасы жастар саясаты саласындағы мамандардың кәсіби құзыреттерін арттыруға, заманауи басқарушылық дағдыларды дамытуға, сондай-ақ жасанды интеллект пен цифрлық құралдарды тиімді пайдалануға бағытталды.

Семинарда сала сарапшылары мен тәжірибелі спикерлер өз білімдерін ортаға салды. Атап айтқанда, олардың қатарында Жасанды интеллект және цифрлық даму министрлігінің баспасөз хатшысы Баилия Кенжеболатова, ведомство вице-министрі Бахтияр Мұхамбетқалиев, Цифрлық үкіметті қолдау орталығының бас директоры Әлия Оспанова, «Еуразия» бірінші арнасының тележүргізушісі Ақбөпе Төңірберген, Мемлекеттік қызмет істері агенттігі жұртшылықпен байланыс департаментінің директоры – баспасөз хатшысы Бибігүл Құламан, ARM торабы, медиа-жаттықтырушы, халықаралық кәсіби коуч Ақерке Берлібай, Президент телерадиокешені директорының кеңесшісі Ерболат Мұхамеджан, «Хабар» агенттігі АҚ «Интернет жобалар» департаментінің директоры Батыржан Ибрагим және «Qazcontent» АҚ жасанды интеллект маманы Аршат Ораз болды.

Іс-шараға қатысқан Мәдениет және ақпарат министрлігінің Жастар және отбасы істері комитеті төрағасының орынбасары Біржан Әлімжанов пен

«Жастар» ғылыми-зерттеу орталығының директоры Гүлсахан Нахбаева жас көшбасшылардың кәсіби дамуы мен білімін жүйелі түрде жетілдірудің маңыздылығын атап өтті. Олардың айтуынша, біліктілікті арттыру – кадрлық құрамның тұрақты жаңаруын ескерген Жастар ресурстық орталықтарының тиімді жұмыс істеуінің негізгі факторларының бірі.

Осы орайда біз іс-шараға қатысқан Қосшы қаласы әкімдігі Жастар ресурстық орталығының басшысы Мөлдір Дүйсембаевадан семинар-тренинг туралы пікірін сұраған едік. Ол спикерлердің кәсіби тәжірибесі мен практикалық кейстері ерекше әсер қалдырғанын жеткізді.

– Оқу семинар-тренингі жоғары деңгейде, мазмұнды әрі тәжірибеге бағытталған форматта өтті. Үш күн ішінде біз жастар саясаты саласындағы өзекті тақырыптарды талқылап, заманауи басқару тәсілдері мен жасанды интеллект құралдарын тиімді қолдану бойынша нақты дағдыларды меңгердік. Спикерлердің кәсіби тәжірибесі мен практикалық кейстері ерекше әсер қалдырды. Бұл оқу менің кәсіби дамуыма жаңа серпін беріп, алдағы жұмысымда тың идеялар мен нақты бағыттар қалыптастыруға мүмкіндік береді деп ойлаймын, – дейді Мөлдір Дүйсембаева.

Кітап пен білім – егіз ұғым десек, бұл атаулы күннің аясында тіл үйрену мен оны жүйелі зерттеу мәселесін көтерудің маңызы зор. Осы орайда мектебімізде ғылыми жобалармен айналысып, үлкен табыстарға жетіп жүрген оқушыларымыз бен олардың жетекшілері мақтауға лайық. Бүгін біз сондай ізденімпаз жандарымыз – 7 «Ә» сынып оқушысы Санжар Уздембаев пен ағылшын тілі пәнінің мұғалімі Мәдина Сағат туралы сөз қозғамақпыз.

Word Hero – сөздік қорды байытудың заманауи алгоритмі

Бұл екеуінің біріккен ғылыми жобасы «Word Hero: Сабақты қызықты әрі нәтижелі өткізудің әдістемелік алгоритмі» деп аталады. Бұл зерттеудің негізгі мақсаты – ағылшын тіліндегі сөздік қор құзыреттілігін жүйелі түрде дамыту және жетілдіру. Көптеген оқушы үшін жаңа сөздерді жаттау және оны ұзақ уақыт бойы есінде сақтаудың қиындық тудыратыны жасырын емес. «Word Hero» жобасы дәл осы мәселені шешудің тиімді әдісін ұсынады.

Жобаның ерекшелігі – оқушылардың сөздік қорын ойын элементтері, интерактивті тапсырмалар және арнайы әзірленген алгоритмдер арқылы байытуға негізделген. Бұл алгоритм сөздерді жүйелі түрде қайталап отыруды, оларды нақты контекстте қолдануды және есте сақтау қабілетін арттыратын әртүрлі әдіс-тәсілдерді қамтиды. 7 «Ә» сынып оқушысы өз зерттеуінде осы алгоритмді сыныптастарына қолданып, оң нәтижелерге қол жеткізген.

– Ғылыми жобамен айналысу мен үшін үлкен мүмкіндік болды. Мен тек жаңа білім алып қоймай, оны іс жүзінде қалай қолдануды үйрендім. «Word Hero» алгоритмі ағылшын тілін үйренуді оңайлатып қана қоймай, қызықтырақ етеді.

Сондай-ақ жобада сауалнамалар жүргізіп, нәтижелерін талдауды үйрендім. Бұл маған ғылымның маңыздылығын түсінуге көмектесті, – дейді Санжар.

Ал Сағат Мәдина оқушылардың ғылыми ізденіске деген қызығушылығын арттыру – мұғалімнің басты міндеттерінің бірі екенін атап өтті.

– «Word Hero» жобасы тек ағылшын тілін үйренудің тиімді әдісін ұсынып қана қоймай, оқушылардың сыни ойлау, зерттеу және талдау дағдыларын дамытады. Осындай жобалар мектеп бағдарламасын толықтырып, оқу үдерісін одан әрі жетілдіруге көмектеседі, – дейді ол.

«Word Hero» жобасы болашақта дамып, көптеген оқушыға ағылшын тілін меңгеруде көмекші құрал болады деп сенеміз. Бұл зерттеу – мектеп қабырғасынан басталатын ғылымға деген алғашқы қадам. Осындай жас зерттеушілеріміз бен білікті мұғалімдеріміз мектебіміздің мақтанышы болып қала береді.

А. АХАНОВА,
№4 ЖОББМ-нің кітапханашысы



Юлия Ким: Қазақ тілін қажеттіліктен үйрендім

Қосшы қаласының тұрғыны Юлия Ким қазақ тілін үйренуді кездейсоқ емес, саналы қажеттілік деп санайды. Оның айтуынша, бірнеше тілді меңгергенмен, өз елінің мемлекеттік тілін терең білмеу үлкен олқылық болған. Бүгінде ол қазақ тілін күнделікті өмірде еркін қолданып, ұлттық мәдениетті де тереңірек түсіне бастағанын айтады.

– Біріншіден, саналы қажеттілік туындады. Мен корей, ағылшын, орыс тілдерін білемін. Бірақ өз Отанымның тілін білмеген едім. Міне, енді оны Қосшы қаласындағы Тілдерді оқыту орталығына барып үйреніп жүрмін, – дейді Юлия.

«Тілдерді оқыту орталығындағы үдерісі қалай өтіп жатыр? Қандай қиындықтар мен қызықты сәттер бар?» деп сұрадық біз кейіпкерімізден. Ол тіл үйрену үдерісінің аса күрделі болмағанын атап өтті. Қазіргі форматтың ыңғайлы әрі түсінікті екенін айтады.

– Маған бұл формат ұнайды. Ешқандай қиындықтар жоқ, – дейді Юлия Ким.

Бүгінде ол қазақ тілін тек оқу кезінде ғана емес, күнделікті өмірде де белсенді қолданады.

– Мен дүкенде, автобуста, әріптестеріммен сөйлескенде қазақ тілін қолданамын. Сонымен қатар қазақша музыканы да жиі тыңдаймын, – дейді кейіпкеріміз.

Сонымен қатар Юлия қазақ тілін меңгеру арқылы ұлттық мәдениетке деген көзқарасының да тереңдей түскенін жеткізді.

– Мен әрқашан қазақ дәстүрлері мен мәдениетін құрметтедім және құрметтей беремін. Бірақ қазір мәдени кодты тереңірек түсіне бастадым деп ойлаймын, – дейді ол.

Осы орайда Юлия Қосшыдағы Тілдерді оқыту орталығына оң бағасын беріп, бұл бағыттағы жұмысты одан әрі дамыту қажет екенін айтты. Әсіресе, балаларға арналған топтарды көбейту маңызды деп есептейді.

– Тілдерді оқыту орталығының жұмысын жақсы деп бағалаймын. Дегенмен балаларға арналған топтар ашылса, тіпті жақсы болар еді, – деп нақтылады сөзін кейіпкеріміз.

Сөз соңында ол қазақ тілін үйреніп жүрген немесе үйренгісі келетін жандарға өз кеңесін берді.

– Қателіктер жасаудан қорықпаған жөн және тілді үйрену мүмкіндігін пайдалану қажет, – деп түйіндеді ол сөзін.



Бетті дайындаған
Ғанибет ҒАЛЫМБЕКҰЛЫ
+7 702 545 43 92
@ganik010101
ganibet.1984@gmail.com

Jana
Bastau

Меншік иесі –
«Bastau Media» ЖШС

Директор –
Бауыржан ҚАРАҒЫЗҰЛЫ

Бас редактор
Еркеғали БЕЙСЕНОВ
Бас редактордың орынбасары
Дастан КЕНЖАЛИН

ЖУРНАЛИСТЕР:
Жанар АХМЕТОВА,
Аяжан ЕРБОЛ

ЖАРНАМА МЕНДЖЕРІ:
Мархабат АСЫЛБЕК
8778 443 20 95

ТЕХНИКАЛЫҚ БӨЛІМ
Дизайнер-беттеуші
Ербол ҚАНАТҰЛЫ
Корректор
Ерік ЕЛЕУСІЗ

Астана қ. «Медиа-холдинг» «ERNUR» ЖШС,
Сілеті көшесі 30, тел: 8(7172) 99 77 77
Таралымы 1 500

Бағасы келісім бойынша

- Газет аптасына 1 рет (әр аптаның сенбі күні) шығады.
- Республиканың барлық аймағына таратылады.
- Авторлардың пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.
- Әдеби қолжазбалар рецензияланбайды және қайтарылмайды.
- Редакциямен келіспей, қайта басуға тыйым салынады.
- Жарнама мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді.

- Газет ҚР Мәдениет және ақпарат министрлігі, Ақпарат комитетінде 18.01.2024 ж. тіркеліп, № KZ07VPY00085845 куәлігі берілген.
- Алғашқы есепке қою кезіндегі нөмірі мен мерзімі: 04.02.2022, KZ40VPY00045578

Редакция мекенжайы:
Қосшы қаласы,
Республика даңғылы, 46

Байланыс телефоны:
тел.: +7 (701) 709-88-82

Газет «Jana bastau» газеті редакциясының компьютерлік орталығында теріліп, қатталды.

janabastau2022@gmail.com
www.janabastau.kz